

ISSN 2616-6844

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov Eurasian
National University

ҚҰҚЫҚ сериясы
LAW Series
Серия ПРАВО

3 (124)/2018

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Astana, 2018
Астана, 2018

Бас редакторы
з.ғ.д., проф.
Амандыкова С.К. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
Бас редактордың орынбасары

Ибрагимов Ж.И., з.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Сарсенова С.Н., з.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Редакция алқасы

Абайдельдинов Е.М.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Абдрасулов Е.Б.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Алебастрова И.А.	з.ғ.к., доцент (Ресей)
Ақпанов А.Н.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Баймаханов М.Т.	з.ғ.д., проф., академигі (Қазақстан)
Балтабаев К.Ж.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Букалерова Л.А.	з.ғ.д., проф. (Ресей)
Жумашева Г.С.	з.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Коняхин В.П.	з.ғ.д., проф. (Ресей)
Коробеев А.И.	з.ғ.д., проф. (Ресей)
Кристиан Цомпак	д.ю.н., проф. (Польша)
Мукашева А.А.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Мурат Тумай	PhD (Түркия)
Нургалиева Е.Н.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тлепина Ш.В.	з.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Томас Давулис	з.ғ.д., проф. (Литва)
Тхабисимова Л.А.	з.ғ.д., проф. (Ресей)
Умирзаков П.К.	з.ғ.к. (Қазақстан)
Хайрмуханмедов Н.И.	PhD (Қазақстан)
Явуз Оглу	PhD (Түркия)

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Д. Байтлесова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_law@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ҚҰҚЫҚ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМҚ
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16992-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31432)

Editor-in-Chief

Doctor of Juridical Sciences
Amandykova S.K. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief
Deputy Editor-in-Chief

Ibragimov Zh.I., Doctor of Juridical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Sarsenova S.N., Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Abaydeldinov E.M.	Doctor of Juridical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Abdrassulov E.B.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Alebastrova I.A.	Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Akhpanov A.H.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Baymakhanov M.T.	Doctor of Juridical Sciences, Prof., Academician (Kazakhstan)
Baltabayev K.Zh.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Bukalerova L.A.	Doctor of Juridical Sciences, Prof.(Russia)
Khairmuhanmedov N.I.	PhD (Kazakhstan)
Konyakhin V.P.	Doctor of Juridical Sciences, Prof.(Russia)
Korobeyev A.I.	Doctor of Juridical Sciences, Prof.(Russia)
Krystian Complak	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Poland)
Mukasheva A.A.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Murat Tumay	PhD (Turkey)
Nurgaliyeva E.N.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Tlepina Sh.V.	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Tomas Davulis	Doctor of Juridical Sciences, Prof. (Lithuania)
Thabisimova L.A.	Doctor of Juridical Sciences, Prof.(Russia)
Umirzakov P.K.	Can. of Juridical Sciences (Kazakhstan)
Yavuz Oglu	PhD (Turkey)
Zhumasheva G.S.	Can. of Juridical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)

Responsible secretary, computer layout: Dinara Baytlessova

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_law@enu.kz

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University. Law Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 16992-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31432)

Главный редактор
д.юр.н.
Амандыкова С.К. (Казахстан)

Зам. главного редактора
Зам. главного редактора

Ибрагимов Ж.И., д.юр.н., доцент (Казахстан)
Сарсенова С.Н., к.юр.н., доцент (Казахстан)

Редакционная коллегия

Абайдельдинов Е.М.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Абдрасулов Е.Б.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Алебастрова И.А.	к.юр.н., доцент (Россия)
Ахпанов А.Н.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Баймаханов М.Т.	д.юр.н., проф., академик (Казахстан)
Балтабаев К.Ж.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Букалерова Л.А.	д.юр.н., проф. (Россия)
Жумашева Г.С.	к.юр.н., доцент (Казахстан)
Коняхин В.П.	д.юр.н., проф. (Россия)
Коробеев А.И.	д.юр.н., проф. (Россия)
Кристиан Цомплек	д.юр.н., проф. (Польша)
Мукашева А.А.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Мурат Тумай	PhD (Турция)
Нургалиева Е.Н.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Тлепина Ш.В.	д.юр.н., проф. (Казахстан)
Томас Давулис	д.юр.н., проф. (Литва)
Тхабисимова Л.А.	д.юр.н., проф. (Россия)
Умирзаков П.К.	к.юр.н., (Казахстан)
Хайрмуханмедов Н.И.	PhD (Казахстан)
Явуз Оглу	PhD (Турция)

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: Д. Байтлесова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_law@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Право
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»
МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 16992-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 25 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500
(вн.31432)

МАЗМҰНЫ

Мемлекет пен құқық теориясы

<i>Күмісов Н.О., Жанпейісова Қ.Д.</i> Қазақстандық сот жүйесін саяси реформалаудың мазмұны және негізгі кезеңдері.....	8
--	---

Конституциялық құқық

<i>Биялова М.И., Амандықова С.К.</i> Қазақстан Республикасында саяси құқықтар мен бостандықтар ұғымын тану және бекітудің қырлары.....	15
<i>Қалмағанбетова Д.Б., Цомплак К.</i> Қазақстан Республикасындағы көппартиялылық принципін конституциялық-құқықтық реттеу.....	22

Әкімшілік құқық

<i>Багисов Н.Б.</i> Ішкі істер органдары қызметкерлерінің экологиялық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілігінің ерекшеліктері.....	28
--	----

Қылмыстық құқық

<i>Ахметов А.С.</i> Заң білім беруіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі.....	33
<i>Букалєрова Л.А., Остроушко А.В., Муратханова М.Б., Букалєров А.А.</i> Ресей Федерациясында, Қазақстан Республикасындағы және Америка Құрама Штаттарында кәмелетке толмағандардың киберқылмысымен күресу.....	39
<i>Қапсәлямов Қ.Ж., Қапсәлямова С.С.</i> Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты мемлекеттік деңгейде қалыптастырудың және іске асырудың өзекті аспектілері.....	47
<i>Сеилханов Ж. Д.</i> Экономикалық контрабанда - ұйымдасқан қылмыстың бір түрі ретінде.....	53
<i>Сембекова Б.Р.</i> Терроризмге қарсы күрес жүйесіндегі қылмыстық саясат.....	60

Қылмыстық-процессуалдық құқық

<i>Ақпанов А.Н.</i> Күдікті, айыпталушы: жетілдіру мәселелері процессуалдық-құқықтық мәртебесі.....	66
---	----

Экологиялық және азаматтық құқық

<i>Жақсыбаев А.С.</i> Мемлекеттік жерді рұқсатсыз иеленуге қарсы тұру мәселелері (жерді рұқсатсыз алып қою).....	70
<i>Нукушева А.Ә.</i> Мұрагерлік құқық қабілеттіліктің ерекшеліктері.....	78
<i>Сақтағанова И.С., Мұсаева А.Я.</i> Суррогат аналық келісімшарттың заңды сипаты, оның ерекшеліктері.....	87

Халықаралық құқық

<i>Абдижами А.Ж., Амандықова Л.К.</i> Халықаралық құқықта мемлекет пен жеке тұлға жауапкершілігін әрі қарай жетілдірудің жекелеген мәселелері.....	93
<i>Асанова Т.С.</i> Апаттың алдын алу және салдарын азайту тұжырымдамаларына ықпал етуі арқылы апаттарды реттейтін саяси және халықаралық құқықтың дамуы.....	97
<i>Сарсембаев М.А.</i> Қазақстанның транзиттік әлеуетті іске асырудың халықаралық-құқықтық формалары және оның әлемдік транзиттік мәселелерді шешуге қатысуы.....	109

CONTENTS

The theory of the state and the law

<i>Kumisov N.O., Zhanpeisova K.D.</i> Content and main stages of political reform of Kazakhstan's judicial system.....	8
--	---

The constitutional law

<i>Bilyalova M.I., Amandykova S.K.</i> Consolidation and recognition of the concept of political rights and freedoms in the Republic of Kazakhstan.....	15
<i>Kalmaganbetova D.B., Complak K.</i> Constitutional and legal regulation of the principle of multi-party system in the Republic of Kazakhstan.....	22

Administrative law

<i>Bagisov N. B.</i> The peculiarities of administrative liability imposed to the officers of the internal affairs agencies for commission of environmental offences.....	28
---	----

Criminal law

<i>Akhetov A.S.</i> The role of information technology in legal education.....	33
<i>Bukalerova L.A., Ostroushko A.V., Muratkhan M.B.</i> Countering Cyberbullying in the United States, the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan.....	39
<i>Kapsalyamov K.Zh., Kapsalyamova S.S.</i> Actual aspects of forming and implementing state anti-corruption policy in the Republic of Kazakhstan.....	47
<i>Seilkhanov Zh. D.</i> Economic smuggling as a type of organized crime.....	53
<i>Sembekova B.R.</i> Criminal policy in the system of combating female terrorism.....	60

Criminal procedural law

<i>Akhpanov A.N.</i> Suspected, defendant: questions of perfection of judicially-legal status.....	66
--	----

Ecological and civil law

<i>Dzhaksybayev A.S.</i> Issues of countering the unauthorized occupation of state lands (unauthorized seizure of land)	70
<i>Nukusheva A.A.</i> Subjects of the inheritance related legal relations.....	78
<i>Saktaganova I.S., Musaeva A.Ya.</i> The legal nature of the surrogate motherhood contract, its features.....	87

International law

<i>Abdizhami A.Z., Amandykova L.K.</i> Some issues of improving the liability of individuals in international law.....	93
<i>Assanova T.S.</i> Development of international law and policy governing disasters through the influence of the concepts of prevention and mitigation	97
<i>Sarsembayev M.A.</i> International legal forms of realization of transit potential Kazakhstan and its participation in solving world transit problems.....	109

СОДЕРЖАНИЕ

Теория государства и права

<i>Кумисов Н.О., Жанпейсова К.Д.</i> Содержание и основные этапы политического реформирования казахстанской судебной системы.....	8
---	---

Конституционное право

<i>Биялова М.И., Амандыкова С.К.</i> Закрепление и признание понятия политических прав и свобод в Республике Казахстан.....	15
<i>Калмаганбетова Д.Б., Цомплак К.</i> Конституционно-правовое регулирование принципа многопартийности в Республике Казахстан.....	22

Административное право

<i>Багисов Н.Б.</i> Особенности административной ответственности сотрудников органов внутренних дел за совершение экологических правонарушений.....	28
---	----

Уголовное право

<i>Ахметов А.С.</i> Роль информационных технологий в юридическом образовании.....	33
<i>Букалерева Л.А., Остроушко А.В., Муратханова М.Б., Букалеров А.А.</i> Противодействие кибербуллингу несовершеннолетних в Российской Федерации, Республике Казахстан и США.....	39
<i>Капсалямов К.Ж., Капсалямова С.С.</i> Актуальные аспекты формирования и реализации государственной политики противодействия коррупции в Республике Казахстан.....	47
<i>Сеилханов Ж. Д.</i> Проблемы уголовной ответственности за контрабанду по действующему законодательству.....	53
<i>Сембекова Б.Р.</i> Уголовная политика в системе противодействия женскому терроризму.....	60

Уголовно-процессуальное право

<i>Ахпапов А.Н.</i> Подозреваемый, обвиняемый: вопросы совершенствования процессуально-правового статуса.....	66
---	----

Экологическое и гражданское право


<i>Джаксыбаев А.С.</i> Вопросы противодействия самовольным занятиям государственных земель (самовольным захватам земель).....	70
<i>Нукушева А.А.</i> Субъекты наследственного правоотношения.....	78
<i>Сактаганова И.С., Мусаева А.Я.</i> Правовая природа договора суррогатного материнства, его особенности.....	87

Международное право

<i>Абдижами А.Ж., Амандыкова Л.К.</i> Некоторые вопросы совершенствования ответственности частных лиц в международном праве.....	93
<i>Асанова Т.С.</i> Развитие международного права и политики, регулирующих стихийные бедствия посредством воздействия концепций предотвращения и смягчения последствий.....	97
<i>Сарсембаев М.А.</i> Международно-правовые формы реализации транзитного потенциала Казахстана и его участие в решении мировых транзитных проблем.....	109

Мемлекет пен құқық теориясы
The theory of the state and the law

Теория государства и права



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 8-14 б.

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 8- 14 pp.

<http://bullaw.enu.kz/>; E-mail: vest_law@enu.kz

XFTAP 27. 25.19

Н.О. Күмісов ¹, Қ.Д. Жанпейісова ²

Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹Nurzhygit-84@mail.ru, ²zhanpeisova73@mail.ru)

Қазақстандық сот жүйесін саяси реформалаудың мазмұны және негізгі кезеңдері

Аннотация. Қазақстан Республикасының сот билігі, мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінде сот билігінің даму тарихын кезеңімен қарастыруға болады. Бірінші кезең – қазақ даласындағы билер соты кезеңі. Екінші кезеңі – «Қазақ елінің Ресей империясына қосылғанға дейінгі аралықта қызмет атқарған билер институты көшпелі халықтың саяси өміріне тән ең тиімді құқықтық тәртіп сақтаушы билік түрі болып табылады. Үшінші кезеңі – «1920 жылы 26 тамызда Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы» өз алдына отау тігіп, түпкілікті дербес тәуелсіз мемлекет болуымызға дейінгі сот билігі. Жалпы бүгінгі күнге дейін сот жүйесіндегі саяси өзгерістер мен толықтырулар уақыттың талабымен жүзеге асырылып келеді. Қысқасы, өз заманының саяси кемеңгерлері сот билігінің ішкі саясаттағы бар мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, қоғамдық әділеттілікті сақтау, ел арасындағы алауыздықты тиюмен қатар ел басқару ісін жақсартуды күн тәртібіне қоюды міндеттейді.

Түйін сөздер. Сот жүйесі, Қазақстан, реформа, конституция, Шоқан Уәлиханов.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2018-124-3-8-14>

Заманауи сот билігі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады. Тәуелсіз сот билігінің қалыптасуына мемлекетіміздің толық егемендікке қол жеткізіп, өз алдына отау тіккені негіз болғаны айтпаса да түсінікті. Отандық сот билігін саяси-құқықтық реформалаудың мазмұнына тоқталмастан бұрын, оның қазақ даласындағы тарихи тағылымына, бастауларына жүгінгенді жөн көріп отырмыз.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы соттық мекемелердің даму тарихын ірі төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – қазақ даласындағы билер соты кезеңі. «Қазақ елінің Ресей империясына қосылғанға дейінгі аралықта қызмет атқарған билер институты көшпелі халықтың саяси өміріне тән ең тиімді құқықтық тәртіп сақтаушы билік түрі болып табылады. Бұл билік түрінің тиімділігі сондай: қазақ жерінде түрменің, тәртіп сақшыларының (мысалы, полицияның), әртүрлі мемлекеттік кеңселердің қажеттілігінің болмауы, себебі барлық әлеуметтік мәселе нақты, тез уақытта шешілетін еді» - деп жазады

Б. Өтемісов [1,16 бет].

Жалпы қазақ даласындағы сот билігінің қалыптасуы Тәуке хан билік құрған дәуірден бастау алады. Өз заманының кемеңгері Тәуке хан ішкі саясатта бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, рулар арасындағы алауыздықты тиюмен қатар ел басқару ісін жақсартуды күн тәртібіне қойды. Мемлекеттік аппараттың құрылымында үлкен өзгерістер болды. Басқару үрдісіне бұрын беймәлім болған «билер институты» енгізілді. «Билер кеңесі» сайланбалы, алқалық ең жоғарғы орган ретінде танылған, қарастырған мәселесі бойынша соңғы саты ретінде көрініп, қайта қарауды қажет етпейтін шешім қабылдау дәрежесіне көтерілген. Тәуке хан тұсында оның құрамына атақты Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Досай би, Едіге би сынды билер кірген. «Билер кеңесі»

өзінің мемлекеттік мәртебесі бойынша ханның билігін шектеу құқығына ие болған, көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан ұлы даланың сол кездегі парламенті және ең жоғарғы сот органы. Ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы «билер кеңесінің» құптауын талап еткен. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең кең тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген және оған арқа сүйенген, сондықтан да мейлінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі еді[2, 21 бет].

Қазақ билерінің қазақ мемлекеттілігінде әділсот ісін дамытуға және нығайтуға қосқан үлестері өлшеусіз. Олар қазақ халқының салт-дәстүрін, әдеттік құқық жүйесін, шешендік өнерін жаңа сапаға көтеріп, «Жеті Жарғы» заңы реттемеген салаларға сот прецедентін енгізумен дауларды шешуде прецеденттік құқықтың негізін қалады. Сонымен, қазақ даласындағы сот билігі мемлекеттік биліктің басқа салаларынан ерекше, халыққа етене жақын тұрды, дегенмен оның қоғамдағы орны, құндылығы асыра бағаланбады. Көшпелілер ұғымы бойынша адам үшін ең басты әрі негізгі сот – ол адамның өз соты, ар соты. Сыртқы сот ар сотының көрінісі және биліктің іске асуының құралы қызметін атқарған.

Екінші кезеңді **Ресей боданындағы Қазақстанның сот жүйесі құрайды.** Қазақстанның Ресейге қосылуы тұсында Ресей империясы өзінің саяси ықпалын халық арасында кең тарату мақсатында жергілікті жерді билеумен қатар сот билігін де өз қолдарына шоғырландыруға тырысты. 1784 жылы патша үкіметінің сілтеуімен құрылған Шекаралық сот қазақ даласындағы билер сотын әлсіретуге бағытталған шаралардың бірі. Бірақ шекаралық сотқа шағымданушылар болмады, бұрынғысынша барлық қылмыстық және азаматтық істер билер сотымен қарастырылды. 1806 жылы Ресей императоры бекіткен қазақ жүздері үшін «Хан кеңесінің ережелері қабылданды». Бұл ереже бойынша, сот билігі ордада ханға және Кеңеске берілді, олар істі салт-дәстүр бойынша қарап отырды.

1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы Жарғыға» байланысты қазақтар арасында туындайтын даулы істі қарау үш топқа жіктелді: қылмыстық, талаптық және басқару ісіне шағымдану бойынша істер[3, 273 бет]. Қазақ халқы үшін қылмыстық іс болып: мемлекетке опасыздық жасау, кісі өлтіру, тонау, барымталау тәріздес қылмыстар ғана саналған. Мұндай қылмыстар жалпыға бірдей империялық заңдармен шешілді. Талаптық істер билердің қарауына берілді және бұл істер қазақтың әдет-ғұрпы бойынша шешілетін. Талаптық істерге жанұялық қарым-қатынастан туындайтын даулар, қарыз мәселелері жатқызылды. Билер сотының шешімін қайта қарауға жіберетін жаңа тәртіптің пайда болуы қазақ даласындағы билер сотының рөлін төмендетіп жіберді. Ол аз болса, 1854 жылы 19 мамырда «О распространении на сибирских киргизов общих законов империи» атты жаңа заң шығарылды. Оның нормаларына сәйкес бұрын билер сотының қарауында болған лауазымға қатысты алдау, жалған ант қабылдау сияқты қалалар мен селоларда болатын қылмыстарды қарау алынып тасталды[4, 183 бет].

Билер сотының жүйесіне енгізілген келесі өзгеріс Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың Уақытша ережесі (1867) және Жазық далалы облыстарды басқару ережесіне (1868) байланысты еді. Олар сот жүйесін жалпы империялық сот, ол жалпыға бірдей империялық заңның негізінде әрекет етті және қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша әрекет еткен жергілікті соттарға бөлді. Аталған уақытша ережеге сәйкес билер соты сот құрамына «народный суд» деген атпен енгізілді. Патша үкіметі билер соты деген атты түбегейлі жойып, халық арасында кең тараған әділдік жүйесіне тоқтау салып тұншықтырмақшы болды. Бұл шаралар халықтың, оның көзі ашық алдыңғы қатарлы өкілдерінің наразылығын тудырды. «Халықтың қатысуынсыз жобаланып, қабылданған сот реформасы халық мүддесіне сай келмейді. Оның, яғни сот реформасының халық талабына сай келуі үшін бұл реформа осы халықтың ұлттық сипатына, материалдық қажетіне және оның сол ұлтқа қолданылу ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс» - деп жазды Ш.Уәлиханов [5, 85 бет].

Шоқан Уәлиханов сот жүйесінің билер соты атағын сақтап қалуы, яки бітім сотының жүйесінде билер сотын қалдыру қажет деген ой түйіндейді. Бұл тұрғыда, Ш.Уәлихановтың көзқарасынан, сол замандағы қазақ даласындағы билер соты, осы тұстағы халықтың көңілінен шыққан, талабын қанағаттандыратын орган ретінде қызмет етеді деген пікірді аңғаруға болады. Патша үкіметі қанша әрекет жасағанымен билер сотын түбегейлі жойып жібере алмады. Торғай губернаторының ішкі істер министрлігіне 1910 жылы 17 ақпанда жазған хатында былай делінген: «Народный сотқа келер болсақ қазіргі жағдайда оның әрекеті жарамсыз, қазіргі соттың бұл сатысын жойып, жаңа сот

институтын құру қажет» [6, 134 бет]. Бірақ бұл ұсыныстар жүзеге асырылмады. Себебі қазақтың кең даласына қызмет етуге аса көп штаттық судьялар қажет еді, ал оларды жіберу үшін патша үкіметіне көп шығындалуға тура келер еді. Екінші жағынан, тұрғылықты халық өзінің әдет-ғұрпынан басқа заң жүйесін қабылдамады.

Қазақстандағы сот жүйесінің дамуының келесі кезеңі кеңестік билікпен тығыз байланысты.

Қазан төңкерілісінен кейін қазақ даласындағы құқық және сот жүйесінің мәні мен сипаты түбегейлі өзгерді. Жаңа заманға лайықты сот жүйесін құруға Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылғы 24 қарашадағы №1 «Соттар туралы декреті» негіз болды. Ол патша үкіметінің талай жылдар бойы қолынан келмеген әрекетті – билер сотын жоюды бекітті. Жаңа негізде жергілікті соттар құрылып, онда көлемі 700 сомнан аспайтын азаматтық істер мен жауапкершілік мөлшері 2 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін қылмыстық істер қаралған және шешім «Ресей Республикасының атынан» шығарылып отырған. Сот жөніндегі №2 декретте жергілікті соттардың ауыр қылмыстық істер мен азаматтық істерді кең ауқымда қарауына өкілеттіліктер берілді. Округтік соттардың жанынан қылмыстық және азаматтық істер бойынша бөлімдер ашылды. Сот жүйесі жергілікті халық соттары, облыстық сот, округтік сот және Жоғарғы соттан құралды.

Қазақстан аумағында мұнан кейін іле-шала құрылған сот жүйесінің бірі-Революциялық трибуналдар. 1918 жылы 28 қаңтарда Халық Комиссарлар Кеңесі «Революциялық трибунал туралы» деген декрет жариялады. Революциялық трибуналдар губерниялық, қалалық кеңестердің сайлауымен алты заседатель және төрағадан құрылды. Олар кеңеске қарсы ниет-пиғылдағы адамдарды, саботаж жасап кеңестік қоғамға қызмет еткісі келмейтін қызметкерлерді сотқа тартып жазалады. Революциялық трибунал қылмыстық, азаматтық істерді бөліп-жарып қарамады. Әрбір Революциялық трибуналдар жанынан айыптау алқасы құрылды. Оған қоса Революциялық трибуналдардың жергілікті, округтік соттар қараған қылмыстық істердің үстінен жалпылама қарап, билік етуін де қысқартты.

1918 жылғы 23 шілдеде РСФСР Әділет Халық Комиссариатының «Жергілікті халық соттарының іс-әрекетін ұйымдастыру» жөніндегі нұсқауға сәйкес Қазақстан аумағында Ақмола, Семей, Орал, Торғай, Қарағанды және Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарындағы уездерде халық соттары жедел түрде ұйымдастырылды [7, 7]. Бас-аяғы 63 жергілікті халық соттары құрылып, кеңестік саясат негізінде сот ісіне кірісті.

1920 жылы 26 тамызда Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы өз алдына отау тікті. ҚазАКСР-нің соттары 1918 жылғы 30 қарашада қабылданған «РСФСР-дағы халық соттарының ережелеріне» сай әрекет етті. 1919 жылғы 10 шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылған революциялық комитет Қазақстандағы соттардың төмендегідей жүйесін анықтады. Соттардың төменгі сатысы аралық соттар түрінде танылды. Ол ауылдық, болыстық атқару комитеті негізінде құрылып, халық арасындағы арыз-шағымдарды қарастырды. Уездік халық соты халықтардың ұлттық құрамын негізге алды. Соған орай қазақ және орыс бөліміне бөлініп іс жүргізді. Сот ісі барысында халық заседательдері әр ұлттан тең дәрежеде қатысуға құқылы болды. Қылмыстық, азаматтық істерді қарағанда оған орыс, қазақ сот қызметкерлері және басқа халықтың өкілдері уездік бірлескен сот мәжілісінде тең дәрежеде қатысып шешкен. Дау тек қазақ ұлты өкілдерінің арасында өрбісе, ұлттық әдет-ғұрып заңдарын қолдануға ішінара рұқсат етілген. Округтік соттар революциялық комитеттің жанынан құрылды, оның да орыс, қазақ бөлімдері екі тілде іс жүргізді. Іс кассациялық саты бойынша жүргізілді. Бұл сот негізінен кассациялық ұйым есебінде болады да, жергілікті халық соты кеңесінің орнын ауыстырады.

1920 жылы қазан айында Бүкіл Қазақстандық Кеңестердің құрылтай съезі халық соттарын одан әрі нығайтуды, сот аппараттарын жетілдіруді, Қазақстанның барлық аймақтарында бірыңғай халық соттарын құруды тиынақтап берді. Соның нәтижесінде 1920 жылдың соңында мынадай халық соттары мен тергеу бөлімдері құрылды. Орынбор, Торғай облысында 25 сот, 11 тергеу бөлімі, Омбы губерниясында 31 сот, 10 тергеу бөлімі, Орал губерниясында 29 сот, 7 тергеу бөлімі, Бөкей губерниясында 5 сот, 2 тергеу бөлімі, Семей губерниясында 39 сот, 35 тергеу бөлімі құрылып, сот істерін жүргізген [8, 112 бет].

1922 жылы 31 желтоқсанда одақтас республикалар бірігіп Кеңестік социалистік Республикалар Одағы құрылды. Соған орай сот құрылымы бір жүйеге түсірілді: халық соттары, губерниялық соттар

және республикалардың Жоғарғы соты, КСРО Жоғарғы соты құрылды. 1937 жылы 26 наурызда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы қабылданды. КСРО Конституциясының 9 тарауы мен ҚазКСР Конституциясының 7 тарауы сот ұйымдары мен прокуратура қызметін ұйымдастыру тәртібіне арналды. Азаматтық, қылмыстық істерді қарайтын халық соттары барлық аудандарда болды. Облыстық соттар азаматтық, қылмыстық істерді қарап, шешім қабылдады және халық сотының шешіміне түскен кассациялық шағымдар мен наразылықтарды қарап билік айтты. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Соты республикадағы ең жоғарғы сот органы болып табылды. Төменгі сот органдарының шешімдерін наразылық келтіру тәртібімен және кассациялық тәртіппен қарауға мүмкіндігі болды.

1953 жылы «Жеке басқа табыну зардабын жою туралы» әйгілі шешімге байланысты «Ерекше сот кеңесі» деп аталатын құпия орган жойылды; оның құзіретіндегі істер жалпы соттарға таратылып берілді. 1956 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1934 және 1936 жылы шыққан «Диверсиялық, террорлық акт және зиянкестік жөніндегі мемлекеттік қылмыстық істерді қараудағы шектен тыс тергеу тәртібін түпкілікті жою туралы» заң күшіне енді [9, 153 бет].

1959 жылы Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясы «Сот құрылысы туралы», Қылмыстық кодекс және қылмыстық іс жүргізу кодексін қабылдады. «Сот құрылысы туралы» заңға сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Сотының жанынан Пленум құрылды. Жоғарғы сот Пленумы республика аймағындағы сот істеріне қолданылатын заңдар бойынша сот басшыларына түсінік беру, заңдарға ресми талдау жасау құқығын иемденді, барлық соттардың іс жүргізудегі қызметтеріне басшылық жасап, біліктілігін арттыру жөнінде айрықша құқыққа ие болды [10, 118 бет]. Қазақ КСР Жоғарғы Соты Төралқасының құзыреті кеңейтілді: Жоғарғы сот алқалары шығарған ұйғарымдар, шешімдер мен үкімдер бойынша келтірілген наразылықтарды қарап қабылдады.

1978 жылы Қазақстанда Жаңа Конституция қабылдауға байланысты 1981 жылдың 12 маусымында «Қазақ КСР-нің сот құрылысы туралы» заң қабылданды. Онда сот жүйесі: Қазақ КСР-нің Жоғарғы Сотынан; облыстық және Алматы қалалық халық соттарынан; аудандық (қалалық) халық соттарынан тұрды.

Кеңестік дәуірде соттың жазалаушы функциясы басты орын алды, сот фактілі түрде басып-жаншуға арналған мемлекеттік аппараттың бір звеносы ролін атқарды. Соттың құқыққорғау функциясы туралы мәселе көтерілмеді.

Сот жүйесінің дамуының төртінші кезеңі тәуелсіз Қазақстандағы сот билігінің дербестігін қамтамасыз ететін конституциялық реформаларға сәйкес келеді.

Тәуелсіз Қазақстандағы сот жүйесінің даму жолына көз жіберсек: осы тұста «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі заңға сәйкес сот билігі Қазақстанда Конституциялық сот, Жоғарғы сот пен Жоғарғы төрелік соттары және олардың төменгі звенолары арқылы жүргізілгендігін көреміз. Сот жүйесі жалпы құзіреттегі соттардан басқа арнаулы соттарды да тани бастады.

1993 жылғы Конституция осы құрылымды өзгеріссіз қабылдады. Аталған кезеңдегі сот органдарының әлсіздігі, олардың беделінің төмендеуі, сот үкімдері мен шешімдерінің тиімділігінің кемуі сот органдарындағы келелі өзгерістерге әкеліп соқты. Нәтижесінде 1995 жылғы Конституцияға және осы жылдың 20 қазанындағы «Қазақстан Республикасындағы соттар туралы» Президенттің заңдық күші бар Жарлығына сәйкес Республикадағы соттар ретінде: Жоғарғы Сот, облыстық және Алматы қалалық соты және әскери соттар танылды.

Конституциялық сот пен Төрелік соттар сот құрамынан алынып тасталды. Конституциялық Сот сот жүйесінен тысқары тұратын, түбегейлі жаңа органмен – Конституциялық Кеңеспен ауыстырылды. Конституциялық соттың орнына сот билігіне де кірмейтін, заң шығару билігіне де жатпайтын дербес орган Конституциялық Кеңес өмірге келді.

Конституция нормаларына сәйкес барлық жеке және заңды тұлғалар, барлық шаруашылық құрушы субъектілер меншік түріне қарамастан тең құқылы болғандықтан, тауарлық-қаржылық қатынастар және олардан туындайтын даулар біртұтас азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелуге тиісті – деген көзқарасқа сай төрелік соттар мен жалпы соттар біріктіріліп, тұтас сот жүйесі құрылды [11, 36 бет]. Сондықтанда, Төрелік соттар жүйесі шаруашылық істер бойынша алқалар түріне ауысып, Жоғарғы Соттың, облыстық соттың және Алматы қалалық сотының құрамына кірді.

Соттардың тиімді сыртқы құрылымын іздестіру оны аса көп өзгерте қоймаса, соттарды

қалыптастыру тәсілдері түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 1992 жылғы заңға сәйкес барлық соттар тиісті аймақтың кеңес органдарымен сайланды және судья өкілеттілігі он жылға, халық заседательдерінің өкілеттілігі бес жылға ұзартылды. Қазіргі кезеңде әрекеттегі Конституция бойынша сот корпусын құруда ел Президентінің ролі жоғары. Ол:

-Сенаттың сайлауына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Соттың судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі негізінде ұсынады.

-жергілікті және басқа да соттардың төрағалары және судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша қызметке тағайындайды [12, 82 бап].

Аталған кезеңдерде сот жүйесі басқа билік тармақтарымен салыстырғанда барынша аз реформалаудан өткен билік жүйесі болған еді. Бұл соттың тәуелсіздігін жүзеге асырудың материалдық және кейде құқықтық кепілдіктерінің жеткіліксіздігіне байланысты орын алғанды. Осы кемшіліктерді жою, соттардың шын мәніндегі тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылдың 25 желтоқсанында жаңа негіздегі заң қабылданды.

Жаңа заңға сәйкес сот органдарының тәуелсіздігіне қол жеткізілді деп санауға болады: олардың әділет органдарына тәуелділігі жойылды, қаржылық қамтамасыз етілу мәселесі де, материалдық – техникалық қамтамасыз етілу дәрежесі де оң жолға қойылды.

Конституциялық заңда Жоғарғы сот Төрағасының өкілеттіліктерін кеңейтуге, судьялардың құқықтық мәртебесін көтеру мен әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар прогресшіл ережелер бар. Судьялардың тәуелсіздігі кепілдіктері күшейтілді.

Сот корпусының сапалы құрамын жақсарту үшін судья лауазымына кандидаттарға қойылатын жаңа талап – сотта тағылымдамадан ойдағыдай өту және соттың жалпы отырысының оң қорытындысыналу - отыз жасқа толған, жоғары заң білімі бар, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және әдетте, сот отырысының хатшысы, сот консультанты (көмекшісі), прокурор, адвокат ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілі не заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған, полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы аудандық соттың судьясы болып тағайындалуы мүмкін деген ережеге қосымша түрде енгізілді. Осы талаптарға қоса заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде бес жылы судьялық жұмыс өтілі болатын, сондай-ақ тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын және жоғары тұрған соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша кепілгерліктерін алған азамат облыстық соттың судьясы бола алады. Сондай-ақ, бастапқы талаптармен қатар заңгерлік кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде он жылы судьялық жұмыс өтілі болатын, оның ішінде бес жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысын және жоғары тұрған соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша кепілгерлігін алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады [13, 29 бап].

Құқықтық мемлекетте әділ сотты тек сот органдары ғана атқарады. Сотпен бақыланатын мемлекет өзі оның әлеуметтік маңыздылығын барынша жоғарғы деңгейге көтеруге, әділ соттың толық тәуелсіздігіне кепілдік беруге тиісті. Қоғам мен мемлекет қазіргі кезеңде жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалардың – саяси, экономикалық, әлеуметтік – кепілі жаңа әділ сот болуы керектігін түсінуі қажет. Сот жүйесінің қазіргі даму кезеңінде басым міндеттер биліктің бөлінуінің конституциялық қызметтерін неғұрлым толық және дәйекті іске асыру, билік тармақтарының тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасауы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Өтемісов Б., Қарабала Қ. Саясаттану. Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық-баспа бөлімі, 2011. – 193 б.
2. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
3. Устав о сибирских киргизах // Материалы по истории политического строя Казахстана. –Алма-Ата: Изд. АН КазССР. Т.1. –С. 269-280.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под редакцией С.Д.Асфендиярова и П.А.Кунте. –Алматы: Қазақстан, 1997. –Т. 1. –382 с.

5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2 бас. –Алматы: Жазушы, 1985. –560 б.
6. Материалы по казахскому обычному праву: Сб. Научно-популярное издание /Сост.: научные сотрудники сектора права АН РК: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. –Алматы: ТОО «Жалын баспасы», –1998. –464 с.
7. Жергілікті халық соттарының іс-әрекетін ұйымдастыру /Семей жаңа тарихи құжаттама орталығы. Қор-37, тізбе-01, іс-7.
8. Сапарғалиев М.С. История народных судов Казахстана. –Алма-Ата: Казахстан, 1966.–448 с.
9. История государства и права Казахской ССР. –Алма-Ата: Мектеп, 1982. –182 с.
10. Абиля Е.А. История государства и права Казахстана: Курс лекции. /3-е изд. перераб. и доп.– Караганда: Учебная книга, 2005. –256 с.
11. Нәрікбаев М. Ақиқаттың ақ жолы. – Астана: Елорда, 2000. – 159 б.
12. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Астана, 2017. – 39 б.
13. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылдың 25 желтоқсанындағы №132-II Конституциялық Заңы (17.11.2008ж. өзгерістер мен **толықтыруларымен**) // . – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>

Н.О. Кумисов, К.Д. Жанпейсова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Содержание и основные этапы политического реформирования казахстанской судебной системы

Аннотация Судебная власть в Республике Казахстан является отдельной и самостоятельной ветвью государственной власти. Изучение истории казахской государственности позволяет увидеть поэтапное развитие судебной власти. Первый этап – суд биев в казахской степи. Второй этап - институт биев, который был наиболее эффективным видом права в период до присоединения кочевых народов Казахстана к Российской империи. Третий этап – создание 26 августа 1920 года Казахской Автономной Советской Социалистической Республики, которая в свою очередь предопределила самостоятельную судебную власть страны. На сегодняшний день изменения и дополнения в судебной системе реализуются исходя из реалий современного периода. Политические «тяжеловесы» используют судебную власть как инструмент влияния на внутреннюю политику, сохранения политического, общественного порядка.

Ключевые слова. Судебная система, Казахстан, реформы, конституция, Шокан Уалиханов.

N.O. Kumisov, K.D. Zhanpeisova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Content and main stages of political reform of Kazakhstan's judicial system

Abstract. The judicial power in the Republic of Kazakhstan is a separate and independent branch of state power. The study of the stories of Kazakh statehood allows us to see the gradual development of the judiciary. The first stage is the trial of biys in the Kazakh steppe. The second stage was the “Biysk Institute which was the most effective type of law in the period before joining the Russian Empire of nomadic peoples in Kazakhstan.” The third stage “On August 26, 1920, the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic was created, which, in turn, predetermined independent judiciary of the country.” To date, changes and additions to the judicial system are being implemented on the basis of the realities of the current period. To date, political heavyweights use the judiciary as an instrument to influence domestic politics, to preserve political, public order.

Key words: judicial system, Kazakhstan, reforms, constitution, Shokan Ualikhanov

References

1. B. Otemisov., K. Karabala. Sajasattanu [Political science]. Оқу қыралы [Proc. allowance](Editorial-publishing department of K. Zhubanov Aktubinsk State University, Aktobe, 2011).
2. Z. Kenzhaliyev.G. Koshpeli kazak kogamyndagy dasturli kukykytky madeniet: (teorijalyk maseleleri, tarihi tagylymy) [In the traditional Kazakh nomadic society legal culture: (theoretical issues, and historical)](Zheti Zhargy, Almaty, 1997).
3. Ustav o sibirskih kirgizah [The Charter of the Siberian Kirghiz], Materialy po istorii politicheskogo stroja Kazahstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan](Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Alma-Ata, T.1. -FROM. 269-280).
4. Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah /Pod redakciej S.D.Asfendijarova i P.A.Kunte [The past of Kazakhstan in sources and materials / Edited by S. D. Asfendiyarov and P. A. Kunte](Kazakhstan, Almaty: 1997).

5. Sh. Ualikhanov. Tandamaly. 2 bas [Favorites. 2](Zhazushy, Almaty, 1985).
6. Materialy po kazahskomu obychnomu pravu: Sb. Nauchno-populjarnoe izdanie /Sost.: nauchnye sotrudniki sektora prava AN RK: T.M. Kul'teleev, M.G. Masevich, G.B. Shakaev [Materials on Kazakh customary law: Sat. Scientific-popular edition, Compiled by: scientific employees of the law sector of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan: T.M. Kul'teleev, M.G. Masevich, G.B. Shakaev]LLP "Zhalyn baspasy", Almaty, 1998).
7. Zhergilikti halyk sottaryнын is-areketin ujymdastyru [Local people's courts organization activities], Semej zhana tarihi kuzhattama ortalygy. Қор-37, tizbe-01, is-7.[documentación new Families]. The Fund 37, list-01-7.
8. Sapargaliev M.S. Istorija narodnyh sudov Kazahstana [History of the People's Courts of Kazakhstan](Kazakhstan, Alma-Ata, 1966).
9. Istorija gosudarstva i prava Kazahskoj SSR [History of the state and law of the Kazakh SSR](Mectep, Alma-Ata, 1982).
10. Abil E.A. Istorija gosudarstva i prava Kazahstana: Kurs lekcii [History of the State and Law of Kazakhstan: Course of lectures], 3-e izd. pererab. i dop[3rd ed. Pererab] (Training book, Karaganda, 2005).
11. M. Narikbayev Akikattyn ak zholy [The path of truth] (Elorda, Astana, 2000).
12. Kazakstan Respublikasy Konstitucijasy [The Constitution Of The Republic Of Kazakhstan](Astana, 2017).
13. Kazakstan Respublikasynyn sot zhujesi men sud'jalaryнын martebesі turaly» 2000 zhyldyn 25 zheltoksanyn dagy №132-II Konstitucijalyk Zany (17.11.2008zh. ozgerister men tolyktyrularymen) [On the judicial system and status of judges of the Republic of Kazakhstan of 25 December 2000 No. 132-II constitutional Law(17.11.2008 g. taking into account changes and additions)]. Available at: // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>.

Авторлар туралы мәлімет:

Күмісов Н.О. - магистрант I курс журналистика және саясаттану факультеті, мамандығы «Саясаттану», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жанпейісова Қ.Д. - саяси ғылымдар кандидаты, саясаттану кафедрасы доценті, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kumisov N.O. - Master of the I - course of the Faculty of Journalism and Political Science, specialty: 6M050200 Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhanpeisova K.D. - Candidate of Political Science, Associate Professor of the Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Конституциялық құқық
The constitutional law
Конституционное право



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 15-21 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 15- 21 pp.
<http://bullaw.enu.kz/>; E-mail: vest_law@enu.kz
ХҒТАМР 10.15.37

М.И. Билялова¹, С.К. Амандыкова²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹marzhan.bilyalova@mail.ru ²amandykova@mail.ru)

Қазақстан Республикасында саяси құқықтар мен бостандықтар ұғымын
тану және бекітудің қырлары

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында саяси құқықтар мен бостандықтар ұғымын тану және бекітудің кейбір мәселелеріне тоқталып, тарихи кезеңдеріне сипаттама беру орын алды. Жалпы мақалада адам және азаматтардың құқықтар мен бостандықтары зерттеліп, саяси құқықтары терең сипатталды. Жалпы мақалада конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттердің маңызды қағидаларын сипаттай отырып, олардың жүзеге асырылу механизмін, мазмұнын және шектері зерттелген. Қазіргі таңда демократиялық мемлекеттерде адам және азаматтарға берілетін құқықтар мен бостандықтар тек мемлекет азаматтарына ғана тиесілі. Бұл ереже осы құқықтар мен бостандықтардың ерекшелігін көрсетеді. Бірақ, барлық саяси құқықтар мен бостандықтар тең дәрежеде сотпен қорғалады, яғни мемлекетпен кепілдендірілетіні анық. Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасында саяси құқықтар мен бостандықтар ұғымын тану және бекітудің қырларын аша отырып, адам мен азаматтың демократиялық құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, сақтау және қорғау, көппартиялық және идеологиялық әралуандық, сайлауды реттеу саласындағы құқықтық нормалардың тұрақтылығы және сонымен бір мезгілде олардың саяси дамуы сияқты маңызды мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер. Конституциялық заңнама, саяси құқықтар, бостандықтар, міндеттер, тұлғалардың мүдделері, адам құқықтары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2018-124-3-15-21>

Кіріспе. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауы – мемлекетіміз үшін маңызды саяси оқиғалардың бірі болып қалыптасты. Жаңа идеялар мен жаңа бағыттарды халыққа ұсыну арқылы, әрбір азаматтың азаматтық позициясы мен мүддесін жоғарлату, қолдау және жүзеге асыру өте маңызды әрі тиімді болып келуде. Соңғы Жолдаудың ерекшелігі сонда, ол бізге жаңа әлем – Төртінші өндірістік төңкеріс әлеміне бейімделуіміз үшін қандай шараларды жүзеге асыруымыз қажеттігін айқындап берді. Жаңа 2019 жылдың табалдырығында тұрған еліміз көптеген жетістіктерге жетті. Атап айтқанда, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүшелігіне ендік, Бүкіләлемдік Қысқы универсиада болды, ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесін де сәтті өтуі. Бұл өтіп жатқан халықаралық шаралар біздің ел үшін, әр бір азаматтың саяси өмірге қатысып белсенділігін таңыту арқылы, саяси құқықтары мен бостандықтарын одан сайн арттыруға әкеліп жатыр. Өткен жылдың басында Елбасының бастамасымен Конституциялық реформа жүргізілді. Қазақстан экономиканы жаңа деңгейге көтеретін Үшінші жаңғыруға қадам басты. Мәні терең, кең ауқымды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық құжатқа сәйкес жұмыстар жалғасып

жатыр. Мемлекетіміз осыған дейінгі жетістіктермен шектеліп қалмақ емес. Еліміз алдағы уақытта да дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуді тоқтатпайды [2].

Мақаланы зерттеу барысында адам құқықтарының ішінде саяси құқықтар мен бостандықтар ұғымын тануға байланысты мәселесі бойынша көптеген зерттеулер жасалынған. Осы бағытта ғылыми құндылығы мен тәжірибелік маңызы бар келесі Қазақстандық және Ресей ғалымдарының монографиялық еңбектері мен мақалаларын атап өтуге болады: С.А. Авакьяна, С.К. Амандыкова, А.Т. Ащеулов, М.В. Баглай, М.Т. Баймаханов, Е.Қ. Көбеева, С.С. Сартаева, Г.С. Сапарғалиева, Ю.А. Юдина және тағы басқалары.

Зерттеу жұмысының міндеттері. Азаматтардың құқықтары, бостандықтарын және міндеттерін Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілуі үлкен маңызға ие. Ол адам мен азаматтың құқықтық жағдайын, тұлғаның конституциялық мәртебесін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай құқықтардың көп бөлігі индивидке тұрақты түрде тән болады. Оларға ие болу үшін белгілі бір әрекеттерді жасау міндет емес, оларға ие болу үшін Қазақстан Республикасының азаматы болу жеткілікті. Негізгі құқықтар мен міндеттер тек Конституциямен реттеледі, сондықтан олар ерекше заңдық табиғатқа ие.

Негізгі бөлім. Саяси құқықтар мен бостандықтардың түсінігі – азаматтың субъективтік құқығы және бостандықтарының маңызды категориясы. Бұл дегеніміз азаматқа мемлекеттің саяси-қоғамдық өміріне және мемлекеттік билікке қатысу мүмкіндігін береді. Азаматтардың саяси құқықтары басқа да құқықтардың жүзеге асырылуының бірден-бір шарты болып табылады. Өйткені саяси құқық билік шектейтін құндылықтар мен демократия жүйесінің табиғи негізін құрайды. Ұсынылып отырған мақала шетел тәжірибелерімен салыстырыла отырып Қазақстан Республикасының заңнамасында саяси құқықтардың конституциялық құқықтық реттелу механизмін барынша дамытуға бағытталған. Тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда азаматтардың саяси құқықтары мемлекеттік билікті жүзеге асыруға және мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне араласуға және қатысуға мүмкіндіктердің артуы. Яғни, саяси өмірге белсендіктерін қарқынды таныту болып табылады.

Конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер маңызды қағидаларға негізделеді. Олар құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылу механизмін, мазмұнын және шектерін анықтайды.

Конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер азаматтар үшін негізгі болып табылады. Оларда азаматтар мен мемлекет арасында болатын маңызды қатынастар мен байланыстар көрініс табады. Бұл құқықтар мен бостандықтарды азамат танымаса, онда оның өмірі сүру жағдайы толық түрде анықталмаған болар еді. Адам мен азамат үшін конституциялық құқықтар мен бостандықтардың маңыздылығы олардың бекітілу нысанын – конституцияны бекітті.

Құқықтар, бостандықтар және міндеттердің жалпылығы. Қазақстан Республикасының Конституциясы жалпыға танылған халықаралық құқық қағидаларына сәйкес, әрбір адам еркін және соған сәйкес құқықтар мен бостандықтардың кешенін иеленеді. Сондықтан, онда бекітілген құқықтар мен міндеттер әрбір азаматқа тиесілі және олар жалпылама болып табылады. Белгілі бір жасқа жеткен, толық көлемде құқықсубъектілікке ие Қазақстан Республикасының азаматы құқықтар мен бостандықтарды, міндеттерді Конституцияға сәйкес пайдаланады.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың толықтығы. Бұл қағида жоғарыда көрсетілген қағидасымен тығыз байланыста. Ол бойынша азаматтар қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын құқықтар мен міндеттерге ие. Олардың тізімі Конституцияның II бөлімінде бекітіліп, жалпымен танылған халықаралық құқықтағы тізімге сәйкес келеді. Жиынтығында олар азаматтардың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және экологиялық құқықтары мен бостандықтарын құрайды. Саяси құқықтар мен бостандықтар мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылған кезде олардың қызметіне қатысуға мүмкіндік береді. Азаматтық құқықтар – бұл мемлекетпен байланыссыз шешім қабылдау және белгілі бір іс - әрекет жасау еркіндігі. Әлеуметтік құқықтар – жалдамалы еңбек саласын қозғап, өз ішінде демалысқа, зейнеткерлікке, алиментке т.б. құқықтарға бөлінеді. Экономикалық құқықтар – бұл айырбас, тауарлар мен қызмет көрсету, өндіріс саласындағы қызмет, меншік құқығы. Мәдениет саласындағы құқықтар шығармашылық еріктілікпен байланысты. Экологиялық құқықтар – таза қоршаған ортаға және тағыда басқа құқықтар. Сонымен, адам өмірінің қандай саласын қарастырсақ та, Конституцияда олардың әрқайсысына құқықтар мен бостандықтардың анықталған тобы сәйкес келеді.

Құқықтар, бостандықтар және міндеттердің теңдігі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 14 бабына сәйкес құқықтар мен міндеттердің теңдігі қамтамасыз етіледі, яғни әлеуметтік әділеттілік пен теңдіктің қағидалары жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес барлық азаматтар бірдей құқықтар мен міндеттерді иеленеді, әрқайсысына бірдей дәрежеде қоғамдық және мемлекеттік қызмет саласында бірдей, тең мүмкіндіктер берілген.

Халақаралық-құқықтық нормалардың басымдылығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабының 3 тармағына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттар ұлттық заңдарынан басымдығы бола отырып және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады. Бұл ереже негізгі болып табылады, сондықтан Қазақстан Республикасында жалпымен танылған халықаралық құқық нормалары мен қағидалары танылады[1]. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасында адам құқықтарының жалпы декларациясы, құқықтар туралы халықаралық пактілер, құқықтар мен бостандықтар туралы ратификацияланған басқа да шарттар міндетті болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасы өзінің заңнамасында, соның ішінде Конституцияда бекітуге міндетті. Бұл Конституцияның екінші бөлімінде жүзеге асырылған.

